

Қайта дауыс беру өткізген жағдайда сайлаушылардың дауысын бірдей мөлшерде алған депутаттыққа кандидаттардың тегін сайлау бюллетеніне енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қаулы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы 1999 жылғы 9 желтоқсан N 45/273. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2007 жылғы 27 маусымдағы N 91/183 қаулысымен.

***Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2007.06.27 N 91/183 қаулысымен.***

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Z952464\_ Конституциялық заңның 12-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы **қаулы** **естеді:**

1. Қайта дауыс беру өткізген жағдайда округтік сайлау комиссиялары сайлау бюллетеніне сайлаушылардың ең көп дауысын алған саны екеуден артық емес депутаттыққа **кандидаттардың** тегін **енгізсін.**

2. Егер депутаттыққа кандидаттар сайлаушылардың дауысын бірдей мөлшерде алған жағдайда депутаттыққа кандидаттың тегін сайлау бюллетеніне енгізу округтік сайлау комиссиясының отырысында жеребе салу жолымен анықтау белгіленсін. 3. Жеребе салудың ретін округтік сайлау комиссиялары дербес анықтасын. 4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі тіркеген сәттен бастап құшіне енеді. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрайымы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Оқығандар: Багарова Ж.А. Икебаева А.Ж.